

**Бағыты: Құқықтану**

**Шифрі: 6М030100**

**Пән: «Қылмыстық қудалау органдарының қызметін жетілдіру мәселелері»**

### **Семинар сабақтарына дайындалу тақырыптары**

**1-тақырып бойынша. Қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу институтының мәселелері. с/с – 1 сағ.**

1. Қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеудің түсінігі мен мазмұны. Процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолданудың негіздері. Сезіктіні ұстау. Қылмыс жасады деген сезікпен адамды ұстаудың тәртібі. Сезіктіні жеке тінту.

2. Бұлтартпау шараларының түсінігі. Бұлтартпау шараларының түрлері. Бұлтартпау шараларын қолданудың негіздері мен тәртібі. Бұлтартпау шараларын қолдану кезінде ескерілетін мәнәжайлар. Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат. Жеке кепілдік. Әскери адамды әскери бөлім командованиясінің бақылауына беру. Кепіл беру. Үйде қамауда ұстау. Қамауға алу бұлтартпау шарасын қолданудың негіздері және тәртібі. Қамауға санкция беру. Қамауда ұстаудың мерзімдері. Бұлтартпау шараларын өзгерту және бұзу.

3. Бұлтартпау шараларын қолдану кезінде заңдылықты қамтамасыз етудегі сот бақылауы. Прокурордың сезіктіні, айыпталушыны қамауға алуға, үйде қамауда ұстауға берген санкциясын, қамауға алу, үйде қамауда ұстау мерзімін ұзартуына шағым келтірудің тәртібі. Прокурордың сезіктіні, айыпталушыны қамауға алуға, үйде қамауда ұстауға берген санкциясын, қамауға алу, үйде қамауда ұстау мерзімін ұзартуына түскен шағымға байланысты сот әрекеттері, осыған байланысты анықталуы тиіс мәселелер.

**2-тақырып бойынша. ҚР заңнамасы бойынша қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтата тұрудың теориялық және тәжірибелік мәселелері с/с – 2 сағ.**

1. Қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтата тұрудың түсінігі. Алдын ала тергеуді тоқтата тұрудың негіздері, шарттары, мерзімі және процессуалдық тәртібі. Бой тасалап кеткен айыпталушыны іздестіру. Алдын ала тергеу жүргізу тоқтатылған іс бойынша өндірісті қайта жаңғыртудың негіздері мен процессуалдық тәртібі.

2. Басты сот талқылауын тағайындау сатысында қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтата тұрудың негіздері, шарттары, мерзімі және процессуалдық тәртібі.

3. Басты сот талқылауы сатысында қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтата тұрудың негіздері, шарттары, мерзімі және процессуалдық тәртібі.

**3-тақырып бойынша. Қылмыстық іс бойынша өндірісті қысқарту институтының өзекті мәселелері с/с – 2 сағ.**

1. Қылмыстық іс бойынша өндірісті қысқартудың түсінігі мен негіздері. Қылмыстық іс бойынша өндірісті қысқартудың негіздерінің классификациясы.

2. Қылмыстық іс бойынша өндірісті басты сот талқылауын тағайындау сатысы мен басты сот талқылауы сатысында қысқартудың түсінігі мен негіздері. ҚР Қылмыстық кодексінің 67-бабына сәйкес қылмыстық іс бойынша өндірісті қысқартудың ерекшелігі.

3. Қылмыстық іс бойынша өндірісті қысқарту туралы қаулы, оның нысаны және мазмұны.

**4-тақырып бойынша. ҚР заңнамасы бойынша басты сот талқылауын тағайындау сатысы с/с – 2 сағ.**

1. Басты сот талқылауының түсінігі және маңызы. Қылмыстық істердің соттылығы. Басты сот талқылауын тағайындау мәселесін шешу. Судьяның сотқа келіп түскен қылмыстық іс бойынша әрекеттері. Сотқа келіп түскен қылмыстық іс бойынша анықталуы тиіс мәселелер. Алдын ала тыңдау жүргізілуі. Басты сот талқылауын тағайындау.

**5-тақырып бойынша. ҚР заңнамасы бойынша басты сот талқылауының жалпы шарттары с/с - 2 сағ.**

1. Басты сот талқылауының жалпы шарттарының түсінігі және маңызы. Басты сот талқылауының тікелей және ауызша жүргізілуі. Сот құрамының өзгермейтіндігі. Запастағы судья. Сот талқылауына қатысушылардың құқықтарының теңдігі. Сот талқылауына сотталушының қатысуы, оның құқықтары мен міндеттері. Сотталушының сот талқылауына келмеуінің салдары. Сот талқылауына сотталушының қорғаушысының қатысуы, оның құқықтары мен міндеттері. Сот талқылауына мемлекеттік айыптаушының қатысуы.

2. Басты сот талқылауының шегі. Сот талқылауы барысында айыпты өзгерту. Жаңа айып бойынша және жаңа адамдарға қатысты қылмыстық іс қозғау. Сот талқылауын кейінге қалдырудың және сотта қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтата тұрудың негіздері және тәртібі. Қылмыстық істі қосымша тергеу жүргізу үшін жіберудің негіздері және тәртібі. Басты сот талқылауында қылмыстық істі қысқартудың негіздері мен тәртібі.

3. Сот мәжілісінде қаулы шығарудың тәртібі. Сот мәжілісінің хаттамасы, оның мазмұны мен маңызы. Сот мәжілісінің хаттамасына ескерту келтірудің тәртібі және ол ескертулерді қараудың тәртібі.

**6-тақырып бойынша. Басты сот талқылауы: қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолданудың теориялық және тәжірибелік мәселелері с/с – 2 сағ.**

1. Басты сот талқылауының жүйесі. Басты сот талқылауын ашу. Басты сот талқылауының дайындық бөлімі. Басты сот талқылауының дайындық бөлімінің түсінігі және маңызы. Басты сот талқылауының дайындық бөлімінде жүргізілетін әрекеттердің тәртібі. Басты сот талқылауының дайындық бөлімінде шешілетін мәселелер. Өтініштерді жариялау және оларды шешу.

Сот тергеуі. Сот тергеуінің түсінігі және маңызы. Сот тергеуінің басталуы. Дәлелдемелерді зерттеу тәртібін бекіту.

2. Сотталушыдан жауап алу. Жәбірленушіден жауап алу. Сот талқылауы барысында сараптама тағайындау. Сарапшыдан жауап алу. Қосымша және қайта сараптама тағайындау. Қарау жүргізу. Құжаттарды жариялау. Сотта тану үшін көрсету,

куәландыру, алу, жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау, сот экспериментін және басқа сот әрекеттерін жүргізу.

3. Дәлелдемелерді зерттеуді шектеу. Сот тергеуінің аяқталуы. Сот тергеуін қайтадан бастаудың негіздері мен тәртібі.

4. Сот талқылауын қысқартылған тәртіппен жүргізу.

5. Соттағы жарыссөз. Соттағы жарыссөздің түсінігі және маңызы. Соттағы жарыссөзге қатысатын тұлғалар. Соттағы жарыссөздің мазмұны және тәртібі. Мемлекеттік айыптаушының сөзі. Қорғаушының сөзі. Сотталушының соңғы сөзі. Соттың кеңесу бөлмесіне кетуі.

6. Үкім шығару. Үкімнің сот әділдігі актісі ретіндегі түсінігі және маңызы. Үкімнің заңдылығы және негізділігі. Үкімнің түрлері. Айыптау үкімінің түрлері. Ақтау үкімін шығарудың негіздері. Үкім шығару кезінде азаматтық талап мәселесін шешу. Сот шығындары мәселесін шешу. Үкім шығарудың тәртібі. Судьялардың кеңесуінің құпиясы. Судьялардың кеңесуінің тәртібі. Судьяның ерекше пікірі. Үкім жазу. Үкімнің мазмұны, нысаны және құрылымы. Үкімді жариялау. Соттың жеке қаулысы, оны шығарудың негіздері мен тәртібі. Соттың жеке қаулыларының маңызы.

**7-тақырып бойынша. ҚР қылмыстық іс жүргізу құқығындығы апелляциялық өндірістің өзекті мәселелері** **с/с – 2 сағ.**

1. Заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық тәртіппен шағым, наразылық келтіру. Апелляциялық өндірістің түсінігі және маңызы. Заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық тәртіппен берілген шағым, наразылықтарды қарайтын соттар. Апелляциялық тәртіппен берілген шағым, наразылықтарды қарайтын соттардың құрамы. Апелляцияның түсінігі. Қылмыстық процеске қатысушылардың үкімге шағым келтіру құқығы. Апелляциялық шағым және наразылық. Апелляциялық тәртіппен шағым, наразылық келтірудің мерзімі.

2. Апелляциялық тәртіппен істі қайта қараудың пәні. Апелляциялық инстанция сотының мәжілісін тағайындау. Апелляциялық инстанция сотының істі қарау тәртібі. Апелляциялық инстанция сотының өкілеттігі. Апелляциялық инстанция сотының шығаратын шешімдері. Үкімді өзгертуге, бұзуға негіздердің түрлері. Апелляциялық тәртіппен істі қараудың салдары. Апелляциялық инстанция сотының шешім шығаруының тәртібі. Апелляциялық қаулы, оның мазмұны мен құрылымы. Апелляциялық инстанцияда істі қайталап қарау.

**8-тақырып бойынша ҚР қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бойынша заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қараудың мәселелері**

**с/с – 2 сағ**

1. Заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қараудың түсінігі және маңызы. Қадағалау тәртібімен сот шешімдерін қайта қараудың апелляциялық өндірістен айырмашылығы. Заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қараудың негіздері. Заңды күшіне енген сот шешімдеріне шағым, наразылық келтіруге құқылы тұлғалар. Заңды күшіне енген сот шешімдеріне шағым, наразылық келтірудің мерзімдері. Қадағалау тәртібімен шағым, наразылық келтірудің тәртібі. Сотта қадағалау тәртібімен берілген шағымдарды алдын ала қарау. Қадағалау тәртібімен берілген шағымдарды алдын ала қарау кезінде қабылдаатын шешімдер. Қадағалау тәртібімен берілген шағымдарды алдын ала қараудың процессуалдық салдары. Соттың үкімінің, қаулысының орындалуын тоқтата

тұру. Қадағалау инстанциясында істі қараудың тәртібі. Қадағалау инстанциясы сотының шешімдері.

2. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық істерді қайта жаңғырту. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық істерді қайта жаңғыртудың түсінігі және маңызы. Жаңадан ашылған мән-жайлардың түсінігі. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық істерді қайта жаңғыртудың қадағалау өндірісінен айырмашылығы.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық істерді қайта жаңғыртудың негіздері. Іс бойынша өндірісті қайта жаңғыртудың мерзімдері. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өндірісті қозғаудың тәртібі. Жаңадан ашылған мән-жайларды тексеру және тергеу. Жаңадан ашылған мән-жайларды тексеру аяқталғаннан кейінгі прокурордың әрекеттері. Прокурордың қорытындысын қараған соттың қаулысы.